

**Қостанай облысы әкімдігінің "Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қауымдық сервитут орнату туралы**

Қостанай облысы Қамысты ауданы Адаевка ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 3-ш шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Занының 35-бабына сәйкес Қамысты ауданы Адаевка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қостанай облысы Қамысты ауданы, Адаевка ауылының аумағында орналасқан жалпы ауданы 1,8115 гектар жер учаскесіне Қостанай облысының Адаевка және Бестөбе ауылдарын қосу арқылы Қамысты ауданындағы Алтынсарино жоғары қысымды газ құбырын ұстау және пайдалану үшін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің Адаевка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) Осы шешімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына жолдауды;

2) Осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы рнсми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*К. Кушкинбаев*